

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының  
2026 жылға арналған жоспары туралы**

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 1181 қаулысы*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2026 жылға арналған жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.
2. Жоспардың 10-тармағында көзделген заң жобасын қоспағанда, Жоспарда көзделген заң жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдар заң жобаларын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Жоспарда айқындалған айдың 1-і күнінен кешіктірмей және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспарда айқындалған айдың 1-і күнінен кешіктірмей ұсынып тұрсын.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмысын үйлестіру және осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**О. Бектенов**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2025 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 1181 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2026 жылға арналған жоспары**

Р/с №	Заң жобасының атауы	Әзірлеуші мемлекеттік орган	Ұсыну мерзімі			Заң жобаларын сапалы әзірлеуге және уақтылы енгізуге жауапты тұлға
			Әділет министрлігі	Үкімет Аппараты	Парламент	
1	2	3	4	5	6	7
1.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҰЭМ	қаңтар	наурыз	мамыр	А.Б. Қасенов
2.	Мұнай-газ химиясы өнеркәсібі туралы	ЭМ	қаңтар	наурыз	мамыр	С.С. Жаркешов
3.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мұнай-газ химиясы өнеркәсібі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ЭМ	қаңтар	наурыз	мамыр	С.С. Жаркешов
4.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар	МММ	ақпан	сәуір	маусым	Қ.Ж. Ысқақов

	және масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы					
5.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне онлайн-платформалар және масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	МAM	ақпан	сәуір	маусым	Қ.Ж. Ысқақов
6.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Еңбекмині	наурыз	мамыр	шілде	В.В. Шегай
7.	Тұрғынжайды дүлей зілзалалардан міндетті сақтандыру туралы	ҚНРДА	сәуір	маусым	тамыз	О.Т. Қизатов
8.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғынжайды дүлей зілзалалардан міндетті сақтандыру, сақтандыру нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҚНРДА	сәуір	маусым	тамыз	О.Т. Қизатов
9.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Еңбекмині	сәуір	маусым	тамыз	А.М. Ертаев
10.	2027 – 2029 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы	Қаржымині	тамыз	тамыз	тамыз	А. Бейсенбекұлы

11.	Жұмылдыру туралы	ҰЭМ	шілде	қыркүйек	қараша	Б.Б. Омарбеков
12.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмылдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҰЭМ	шілде	қыркүйек	қараша	Б.Б. Омарбеков

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ҚНРДА – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі